КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 06 қазан 7119-23-00-2/10770 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Аль Таир 2011" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "АльТаир 2011" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өніру туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

«Аль Таир 2011" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Аль Таир 2011" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Мемлекеттік резиденциялар

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 3036 (үш мың отыз алты) тенге айыппұл және 91 (тоқсан бір) теңге мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығыстары өндірілсін.

«Аль Таир 2011" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін..

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Документ подписан: Шамшильдин Т., 08.10.2023

Дата вступления в законную силу: 13.11.2023, судья Шамшильдин Т., 04.12.2023

7119-23-3-1/10505